

І ТУЫ

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
АЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

январь

Сенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Кеше облысымызда еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің депутаттығына кандидаттар ұсыну басталды.

Облыс еңбекшілері өздерінің бірінші кандидаты ретінде кемеңгер көсеміміз, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің ту ұстаушысы Иосиф Виссарионович Сталиннің есімін атауда.

ры

И. В. Сталин бүкілхалықтық бірінші кандидат

Облыс еңбекшілері жергілікті Советтердің депутаттығына кандидат етіп таңдаулы ұлдар мен қыздарды ұсынды

№62 Коммунист сайлау округі

Электр өнеркәсібі Министрлігі заводының коллективі И. В. Сталин, Л. М. Каганович және В. Д. Шелудкова жолдастарды ұсынды

Завод цехының кең залына 300-ден астам адам жыйналды. Бұлар — электр қуаты Министрлігі заводының жұмысшылары мен қызметшілері, инженерлері мен техниктері. Залға кіре беріс маңдайшаға «Сүйікті көсеміміз және ұстазымыз ұлы Сталин жасасын!» деген ұран ілінген.

Мұнда еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің депутаттығына кандидат ұсынуға арналған жыйналыс басталмақ. Белгіленген уақытта завод комитетінің председателі Шеглов жолдас:

—Еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің депутаттығына кандидаттар ұсынуға арналған жыйналыс ашық деп жариялаймын,—деді.

№ 67 Свердлов сайлау округі

Петропавлдың вагоншылары облыстық Советтің депутаттығына кандидат етіп И. В. Сталин, Г. М. Маленков жолдастарды және М. А. Савинді ұсынды

Қызыл мүйіздің кең залы сайлаушыларға толды. Олар облыстық Советтің депутаттығына кандидаттар ұсынуға жыйналған Петропавлдың вагоншылары.

Жыйында алғашқы сөзді жергілікті көсіподақ комитетінің председателі Ракусов жолдас алды.

—Бұл күндері совет халқы қуаныштан-қуанышқа бөленуде, —деді ол. —Жергілікті Советтердің сайлауы Сталиндік Конституцияның нұрына бөленген совет адамдарының праволарын тағы бір салтанат етеді. Біз облыстық Советтің депутаттығына кандидаттар ұсынағалы отырмыз. Совет адамдары өздерінің бақыттылары мен өрісті өмірі үшін аналдымен

№ 60 Ленин сайлау округі

Комбинат коллективінің кандидаттары

Бешкі сағат 5. Нан комбинатының жұмысшылары мен қызметкерлері, инженерлері мен техниктері облыстық Советтің депутаттығына кандидаттар ұсынуға арналған сайлау алдындағы жыйналысқа жыйналысқа жергілікті Советтердің сайлауы құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістету нәтижесінде өнімнің сапасын едәуір жақсартып және оның өзіндік құнын кемітін келді.

Облыстық Советтің депутаттығына кандидаттар ұсынуға арналған жыйналысты комбинат партия ұйымының секретары Черепанов жолдас ашты.

—Сталиндік Конституция нұры астында, —деді ол,—біздің көп ұлтты Советтік Отанымыздың экономикасы мен мәдениеті барған сайын өркендеп, алға басуда. Еліміздің сан мыңдаған еңбекшілері бей-

орлығы үшін бо-мен бұдан былай екі-үш есе орын-аламын. Жұмыста үшін күресемін. бұдан кейін, —об-ттығына кандидат бұлжытпай алға ізміге тура бастап көсеміміз Сталин сын ұсынған ұсы-ын. Сталин жолдас жақын досымыз,

осы сөзінде бүкіл регіндегі сырды ері жергілікті Со-а кандидат етіп жолдасты, оның ымыздың таңдау-ын ұсынуда. Олар тияда жоқтар бло-

әше аудандық Со-ана кандидаттар сенділікпен өткізі-к. селолық Совет-

ты, қызықты өмір жасап отырамыз. Болашағымыз бұдан да қызықты болады. Оған біздің сеніміміз зор. Өйткені, бізді коммунизмге тура бастап келе жатқан — ұлы Сталин. Біз партияға, ұжымдарға, ұлы

де санғау күннің бидеыдан өткеніне жетісу үшін керекті болатын әзірлік істерінің барлығыныңда шын мәнінде өрістетіле жүргізілуіне жетісе білулері керек. Бәзіргі алда тұрған ең жауапты міндеттердің бірі міне, осылар.

Кинорежиссер Г. В. Александровты Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының
У К А З Ы

Кинорежиссер Г. В. Александровтың туғанына 50 жыл толуына байланысты және сның совет киноискусствосын өркендетудегі еңбектерін еске алып, Григорий Васильевич Александров жолдас **ЕҢБЕК ҚЫЗЫЛ ТУ** орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Н. ШВЕРНИК.**
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **А. ГОРКИН.**

Москва, Кремль,
22 январь 1953 жыл.

Малшыларға қосымша ақы төленуде

СЕМЕЙ, (ҚазТАГ). Ергіс бойындағы колхоздар өткен жылдың қорытындыларын шығаруда. Колхозшылардың еңбеккүндеріне табыс бөлу аяқталды. Колхоз өндірісінің стахановшыларының еңбегіне ерекше сыйлықтар берілуде.

Шар ауданындағы Сталин атындағы колхозда қой фермасының қызметкерлері елеулі табыстарға ие болды. Олар әрбір жүз саулықтан 110—115-тен қозы алды. Алынған төлдің бәрі амаң сақталды. Малдан төл алу жөніндегі тапсырмаларды асыра орындағаны үшін және алынған

төлдерді түгел үйірге қосқаны үшін ферманың аға шопаны Әлімбаева 4 саулық берілді. Шопандар Мұқанов, Қарабаев, Көптілеуов, тағы басқалары екі-үш тоқтыдан қосымша ақы алды.

Аксуат ауданындағы «Социалистік» ауылшаруашылық артелінің малшыларының жарысында жылқышылар Құдайбергенов, Раисов, Төлебаев тағы басқалары озып шықты. Бұлардың озат еңбектерін бағалап, колхоз басқармасы ферма қызметкерлеріне 30 центнер бидай берді.

Колхоздарды электрлендіру

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Жамбыл ауданының Абай атындағы колхозы салған Бесарағаш су электр станциясы 19 январьда пайдалануға берілді. Мал фермаларына, өндірістің басқа учасоктеріне электр тогі беріле бастады.

Қазір Жамбыл облысында жалпы қуаты 5 мың киловаттан асатын 55 селолық

және колхоздық СЭС бар, колхоздарда орнатылған электр моторлар орнатылған. Үстіміздегі жылы тағы да 5 электр станциясы ток береді. Бесінші бесжылдықтың аяғына дейін Қордай, Красногор, Мерке және Луговой аудандары жаппай электрлендірілген аудандарға айналады,

лудкова жылдардың № 62 коммунист сайлау округі бойынша дауысқа түсетуе иизалық берудерін сұрады.

Бандидаттарды ұсыну басталды. Алғашқы ұсынысты МТС-тің орденді ком

дастың, дунасов нуга бір



Ленин көрсеткен жолмен

ТАЛҒАР. (Алматы облысы). (ҚазТАГ). Құлжадан Бұқараға баратын ескі қара жолдың үстінде Алексеевка селосы тұр. Мұнда Владимир Ильич Лениннің есімі мен аталған ауылшаруашылық артелінің колхозшылары тұрмыс етуде. Колхозда 5 түрлі ұлттың өкілдері бар.

Артель шаруашылығы ғылым негізінде жүргізілуде. Колхозда үш агроном, 3 зоотехник және мал фельдшері жұмыс істейді. 5 мал фермасында 10 мыңнан аса мал бар. Малдың өнімділігі жылдан-жылға артуда. Колхоздың барлық табысының үштен бірі мал шаруашылығынан түседі.

Артель шаруашылығының өскенін барлық жағынан көруге болады. Өткен жылы астықтың жалпы түсімі бұрнағы жылмен салыстырғанда 13 мың центнерден аса көбейді. Мемлекетке 1500 тонна астық тапсырылды. Колхоз тұқым, мал жемі және сақтық қорларын жасап, әрбір еңбеккүнге 3,5 килограмнан астық берді. Артельдің көп мүшелері 3—4 тоннадай астық алды.

Ленин атындағы колхоздың электр станциясы бар.

Электр шаруашылығы колхоз өндірісіне көп жаңалық енгізді. Колхозшылар электрдің көмегімен астық бастырады, фермаларға су жеткізіп береді, малдың жемшөбін әзірлейді, қой қырқады, сыйыр сауады. Станцияның электр қуаты, мектепке, клубқа, медициналық пунктке, оқу үйіне, колхозшылар үйіне жарық берді.

Ильичтің өсиеттерін орындай отырып, колхозшылар ауқатты және мәдениетті тұрмысқа жетуде



Алматыда Түркстан-Сибирь магистралі теміржолік үй аяқталып келеді. Бұл қаладағы ең әсем үйлері СУРЕТТЕ: Калинин және Фурманов көшелері

Пионерлердің қы

Пионерлер Маш Ахметов, Николай Елехин, Жұмабай Ақымқұлов, Руслан Камалқұлов, Люба Бежнина және Сайбек Баймұқанов таңертең ертемен ұзынағаштағы мектепке келе жатты. Жирен айғыр мен Ұзынағаш арасында балалар үзілген рельсті көрді. Дәл осы минутта жақындап келе жатқан поездың жүрісі естілді. Мектеп оқушылары жолдың нақ ортасына тұра

калып, бастады. поезды х үлгерді. Түркст Кулак ж жариялап сыйлықта

тарына теңелейік



нақсы қыстату дамыз

фермасының басын өсіріп, бірқатар та-еңбекті көп ірды механи-слад бағуды

өсіп, одан тодауы мал келей байла-ктиві жақсы статуга әзір-үрсізіп, оған ір бұл өзінің

Барлық мал-лып, күтіле-қы күндері-

Екіншіден, де барған рмада 450 ошқа бар-жақсы.

ы түгел мал-қ. Жемішөп-ірбір малға йынша өл-де мал азы-ырап бол-

етегін жү-андырылып жол жүргі-і. 100-ден ен сауыла-ыс істейді. әмен жем-әзірленеді. буландыры-асқа мал-әзірлеп бе-іге күтіп,

шөптен азықтандырамыз. Әрбір сыйырға күніне 8 килограмм шөп, 2 килограмм сабан, 10 килограмм сүрленген шөп және 4 килограмм концентрат береміз. Бұл жем шөптен сауын сыйырларды күніне 4 рет азықтандырамыз және үш мезгіл суара-мыз. Соның нәтижесінде көзір сауын сы-йырлардан сүт мол алынып жүр. Жоспар бойынша сыйырлардан күніне 660 литр сүт орнына 820—835 литр сүт алып ке-леміз. Алдағы күндерде сыйырлардан сүт-ті көзіргіден де мол алатынымыз сөзсіз. Ол үшін біз сауын сыйырларды күтін, азықтандыру ісін жөйлінше жақсартамыз. Малды күту және азықтандыру жұмы-сында зоотехникалық ережелерді мұқият жүзеге асырамыз.

Сүт дайындауда сауыншылар қажырлы еңбек етіп жүр. Әресе, Танжа, Ланкова жолдастардың сыйыр сауудағы еңбегі ерекше көзге түседі. Бұлар—сыйыр сауу-дың шын мәніндегі озаттары. Сүт дайы-ндауда күндік графика үдайы артығымен орындау олардың дағдылы ісіне айналуда.

Бірқатар малшылар мен сауыншылар зоотехникалық курстарда оқын білім дәре-жесін көтеріп жүр. Олар алған білімдерін күнбе- күнгі жұмыстарында шеберлікпен қолданып, малды қолда бағуды барған са-йын үлгілі ұйымдастыруға жетісуде.

Жергілікті Советтердің сайлауына ла-йықты тарту әзірлеу жолындағы социа-листік жарысты көңінен әрістете отырып, ферма коллективі мал қыстату жұмыста-рын көзіргіден де үлгілі ұйымдастырады. Осы арқылы барлық мал басын қыстап шығынсыз, күйлі алып шығады. Сөйтіп, сталиндік бесінші бесжылдықтың үшінші жылында қығамдық мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыруда жаңа зор та-быстарға жетеді.

С. ЖАНТІШЕВ



Петропавл паровоз депосының слесары Григорий Очкалов еңбекшілер депутатта-ры жергілікті Советтер сайлауының құр-метіне стахановтық вахтаға тұрып, еңбек өнімділігін 225 процентке жеткізді.

СУРЕТТЕ: Г. Очкалов жолдастың кла-панды жөндеп тұрған кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Село жастары арасын-дағы шаңғы жарысы

Жуырда село жастарының арасында об-лыс бойынша шаңғыдан бірінші орын алу жарысы болып өтті. Жарысқа Ленин, Со-вет, Конохов, Октябрь, Преснов ауданда-рының командалары қатысты. Күннің суық болғанына карамастан шаңғышылар өздерінің спорт шеберліктерін көрсетті.

Ерлер арасындағы жарыста шаңғышы А. Чуклин (Булаев ауданы) 18 километр

Ленин күндері шетелдерде

Венгрияда Ленин күндері

БУДАПЕШТ, 22 январь. (СОТА). Вен-гер халқы революцияның кемеңгер даныш-паны В. И. Лениннің қайтыс болғанына 29 жыл толуын орасан зор сүйіспеншілік-пен атап өтуде. Қалалар мен селолардың

еңбекшілері, Венгрияның кәсіпорындары мен өндірістік кооперативтердің коллектив-тері В. И. Ленинді еске түсіруге арналған салтанатты-қаралы мәжілістер мен жый-налыстар өткізді.

„Ленин идеялары жеңді, жеңуде және жеңе беретін болады“

ТЕГЕРАН, 22 январь. (СОТА). В. И. Лениннің қайтыс болғанына 29 жыл то-луына арналған мақаласында Иранның прогрессивтік газеті «Бесуе аянде» былай деп жазады: «Бүкіл дүние жүзі еңбекші-лері мен қарапайым адамдарының жүрегін жынша орасан зор сүйіспеншілікке тол-ғырған мұндай көсемді Ленинге дейін тарих білген емес... Миллиондаған еңбек-

шілер мен қарапайым адамдар—бейбітші-лік, ұлт тәуелсіздігі және демократия үшін күресіп отырған барлық адал күрескерлер ұлы Ленин көрсеткен жолмен жүріп келе-ді... Ленинге деген сүйіспеншілік— мәң-гілік өмір сүреді, оның идеялары мен ілімі жеңді, жеңуде және жеңе беретін бола-ды».

Норвегияда Ленин күндері

ОСЛО, 22 январь. (СОТА). «Фрихетен» газеті бүгін В. И. Лениннің қайтыс болуы-ның 29 жылдығына арналған материалдар жариялады. Газетке В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің портреттері басылып, сол сыяқты, Ленин туралы үлкен мақала жар-ияланды.

Ленин күндерін атап өту мақсатымен «Ню даг» баспасы В. И. Ленин шығарма-ларының 12 томдығының бірінші томын нор-вег тілінде басып шығарды. Бұл шыққан томға В. И. Лениннің «Мемлекет және ре-волюция» деген еңбегі енгізілген.

Финляндияда Ленин күндері

ХЕЛЬСИНКИ, 22 январь. (СОТА). Ке-ше Тампердегі Ленин музейінде В. И. Лениннің қайтыс болуының 29 жылдығына арналған салтанатты-қаралы жыйналыс болды. «Финляндия — Совет Одағы» қоғамының бас секретары Тойво Карво-нен баяндама жасады. Ол Совет мемле-кетін жасаудағы және нығайтудағы Ленин

нің ролін сыпаттай келіп, Ленин бүгін де бүкіл прогрессивтік адамзаттың күресі мен істерінде өмір сүріп отырғандығын атап көрсетті. Баяндамашы Ленин мен Сталин-нің Финляндияға Совет Одағымен бірге достықта келешекте бейбітшілік пен бос-таңдыққа, дербестікке жетудің жолдарын көрсеткендігін атап айтты.

Польша еңбекшілері Ұлы Ленинні еске түсінуле

жайтын боранды, аязды күндерінен шығыңыз, күйлі алып шығып жүр.

Ж. ҚОЖАҒАЛИЕВА.

Малшыларға көмек

Жемшөп дұрыс жұмсалсын

«Мал шаруашылығын өркендетудегі негізгі міндет, — деді Маленков жолдас партияның XIX съезіне БК(б)П Орталық Комитетінің есепті баяндамасында, — бұдан былай да колхоздар мен совхоздардың қоғамдық малының санын көбейту, сонымен бірге оның өнімін мықтап арттыру болып қала береді».

Бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін малды дұрыс азықтандырудың, жемшөпті, әсіресе қысты күні, шебер әзірлеп, үнемдеп жұмсаудың зор маңызы бар. Ең алдымен әртүрлі жемшөпті қанша керек болғанын анықтап, жоспар жасау керек. Малдың барлық түліктерін, барлық топтарын әртүрлі және жақсы сапалы жемшөп пен қамтамасыз етерліктей әрбір айға жоспар жасалады.

Малды дұрыс азықтандыру дегеніміз — оған белгіленген норма бойынша жемшөп беруде ғана емес. Бұған қосымша жемшөпті малдың организміне жақсы сіңетіндей етіп, әзірлей білу керек. Мысалы мал жемді тек ұсатылған және жанышталған түрінде, құрай мен құрақ пішенін және сабан сыяқты басқа ірі азықты туралған түрінде ғана сүйсініп жейді.

Ұсақтап турау — көлемді жемшөпті әзірлеудегі неғұрлым оңай және көп қолданылатын әдіс. Сыйыр малына берілетін сабан мен ірі пішенді үш — бес сантиметр, жылқыға және қойға берілетін бұл азықты екі-үш сантиметр етіп тураған жөн.

рін аймап жұмсауда.

Колхозшылар қоғамдық малды қыстық жемшөппен, жылы қоралармен мол қамтамасыз еткен. Көзір олар жемшөпті тиімді

Туралған сабанды ашыту, булау және басқа сондай әдістерді қолдану жылымен оның сапасын едәуір жақсартуға болады.

Сабанды ашыту әдісі Тамбов облысының колхоздарында, Қостанай облысының көптеген шаруашылықтарында кеңінен қолданылып келеді. Бұған керекті ашытқыны әзірлеу үшін, 300 грамм нан ашытқысын бес литр жылы суға салып ерітеді. Оны 25 килограмм өзілген тамыржемісті да қышқарға — қызылшаға, сәбізге, брукваға немесе картопқа құйып араластырады, соған соң бұған 15 литр жай температуралы су құяды. Бұл қоспа бірте-бірте быламыққа айналдырылады. Мұнан соң 100 килограмм туралған сабанға 130 литр ысы су құяды, оны 30 градусқа дейін салқындатады. Онан кейін бұларды араластырып, оған жаңағы ашытқы быламықты құяды. Туралған сабан 12 сағаттан кейін ашып, пайдалануға әзір болады. Оны малға жылы күйінде беру керек.

Челябі облысының малшылары туралған сабанды сүрленген шөптің басымен ашытады. Бір центнер сабанға 20 килограмм жақсы сүрленген шөп қосады, мұнан кейін оған 2—3 шелек ысы су құйып, 20—30 минут бойына мұқият араластырады. Оның түнбасына тағы да 2—3 шелек ысы су құйып, оған 500 грамм тұз салады. Бұл қоспа осы күйінде 5—6 сағат тұрады. Оны малға тек сонан кейін беруге болады.

Топан — өте жақсы мал азығы. Оның

осы колхоздың таңдаулы жылқышысы. Өткен жылы ол қарамарғындағы жылқыны жақсы күтімде ұстап, шығынсыз өсірді.

У. ҚҰСАЙЫНОВ.

қоректілігі сабаннан 1,5—2,5 есе артық. Бірақ, оны малға тек мұқият өңделгеннен кейін ғана беруге болады. Мұның себебі — топанда қылтанақтар болады, бұл қылтанақтар малдың ауызының ішін және ішек қарынын жарақаттауы мүмкін. Сондықтан малға берер алдынан топанды тазартып булау керек, мұнан кейін тұз сеуіп, бір центнер топанға 3—5 килограмм есебімен үн қосу керек.

Сол сыяқты, малды азықтандырудың дұрыс тәртібін қолданудың зор маңызы бар. Мәселен, Семей облысындағы Тасбұлақ совхозының малшылары суық күндерде биязы жүнді қойларға сүрленген шөпті мынадай тәртіппен береді. Малшылар сүрленген шөпті таңертеңнен емес, малға екінші рет пішен берер алдынан алады. Алғашында әрбір қойға күнтәулігіне берілетін азыққа ең көп дегенде 200 грамм сүрленген шөп қосылды. Мұнан кейін 10 күн бойына мұны көбейте келе жарты килограммға дейін жеткізіледі.

Көктемгі көк шөп шыққанға дейін малды жемшөппен қамтамасыз ету, қысты күні қой мен жылқыны жайын бағу әдісін қолдана отырып, дайындалған жемшөпті үнемдеп жұмсауға байланысты. Оңтүстік Қазақстан облысындағы Сайрам және Түлкібас аудандарының колхоздары қойға пішен берудің нормасы мен санын бірте-бірте өзгертін отырады. Қыстың басында қойға пішенді күніне екі рет — таңертең және кешке береді. Жайылымның қары қалыңдан, күн суыта түскен сайын қойды далада жайып бағу мерзімін қысқартып, оны қосымша үстеп азықтандырудың нормасы мен санын көбейтеді.

сының меңгерушісі Р. Елеусізовке 2 центнер 82 килограмм астық қосымша еңбек-ақы ретінде берілді.

Б. РАМАЗАНОВ.

Семей облысының Үржар ауданындағы «Красный горный орлы» колхозының малшылары қыстың алғашқы жартысында биязы жүнді қойларды Тарбағатай тауының етегіне жайып, пішенмен үстеп азықтандырады. Февральда, қар қалыңдағал кезде, төлдейтін саулықтардың әрбір отарын үш топқа бөледі. Қысқы жайылым да жайылып, күнтәулігіне бір рет 500—600 грамм пішен берілген саулықтарды бірінші топқа қосады. Бұл кезде қоны нашар болған саулықтарды екінші топқа біріктіреді. Оларды біржолата қолда ұстауға көшіріп, күніне 2—2,5 килограмна жақсы пішен беріп тұрады. Арықтаған және ауру саулықтарды бөлек топқа шығарады. Олардың күнбе-күнгі азығына 2 килограммға дейін жақсы пішен және 400 грамм жем қосады.

Малды азықтандыруға өзіне салақ қарайтын колхоздарда пішен көп ысырап болады. Барлық фермаларда малға жемшөп беретін отықтар болу керек. Пішенді ауданың ішінде бергенде оны күн ілгері бөліп-бөліп салады. Мұның әрбір бөлігі 3—4 қойға жететін болу керек. Жемшөптің қалдықтарын үнемі жыйнап, малды азықтандыратын орындарды 10—15 күн сайын ауыстырып отыру керек.

Жемшөпті әзірлеу және оны тиімді пайдалану ісінде механизаторлар мәшиналармен зор көмек көрсетуге тиіс. Жемшөпті әзірлейтін малшыларды кеңінен қолдану, жемшөпті дұрыс және үнемі пайдалану мал қыстатудың ойдағыдай өткізілуін қамтамасыз етеді.

В. МАТВЕЕВ,

Ауылшаруашылық ғылымының кандидаты.

жасады. Бүкіл деп мәлімдеді ол сүйіспеншілік көр Қоғам басқарм

ДАНИЯНЫ
ҚА

КОПЕНГАГЕН.
Данияның прогрес Лениннің қайтыс кеше атап өтті. «Ланд ог фольк бейбітшілік» деген «Ленин» деген бас

ХАЛЫҚ

ПХЕНЬЯН, 22
Халық-Демократиялық армиясының гін Корей Халық және қытай халық бұрынғы алып түі кан -ағылшын инт сынманшыл әскерл ұрыстарын жүргізу ды.

Кеше түнде аме

«УДАРНИК» ки

Бүгін ж

«С

Сеанстар сағат

Касса сағат 3-те

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор —1-8 партия және ауылшаруашылық бөлімдері —2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —0-22, газет табыс еті